

**2023 жылғы 26 мамырдағы жоспардан тыс педагогикалық кеңес  
отырысының №5 хаттамасы**

Өткізу күні: 26 мамыр 2023 жыл

Қатысқандар: 19 педагог

Қатыспағандар: 0 педагог

Тақырыбы: «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» өзін – өзі бағалауды өткізу.

Мақсаты: Ұсынылатын білім беру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін талдау.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2020-2023 оқу жылдарындағы жұмыс кезеңіне толық өзін – өзі бағалауын өткізу тәртібі туралы – басшы А.Е.Мақан
2. Ұйымның өзін – өзі бағалауына комиссия мүшелерін бекіту туралы - басшы А.Е.Мақан

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» КМҚК басшысы А.Е. Мақан білім беру ұйымының тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру және қызметіне объективті талдау беру мен бағалау мақсатында: 2023 жылғы 26 мамырдан 2023 жылғы 26 маусым аралығында «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» КМҚК –да өзін – өзі бағалауы өткізіліп, ұйым бойынша өзін – өзі аттестаттаудан өту туралы бұйрығы шығарылсын.

**Шешімі:** Жоспардан тыс педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтар толығымен келісті.

**Жауапты:** басшы А.Е.Мақан

**Мерзімі:** 2023 жылғы 29 мамырға дейін

2. Екінші сұрақ бойынша басшы А.Е. Мақан өзін – өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда ұсынды: комиссия төрағасы басшы А.Е. Мақан, комиссия мүшелері: әдіскер З.Т.Муканова, бухгалтер Р.Ж.Бекболат, медбике Д.М.Нурпеисова, хатшы Д.Н.Инербаева.

**Шешімі:** Жоспардан тыс педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтар толығымен келісті.

**Жауапты:** басшы А.Е.Мақан

**Мерзімі:** 2023 жылғы 29 мамырға дейін

**2023 жылғы 26 мамырдағы жоспардан тыс педагогикалық кеңестің  
шешімі:**

1. 2023 жылғы 26 мамырдан 2023 жылғы 26 маусым аралығында «Павлодар қаласының №37 сәбилер бақшасы» КМҚК –да өзін – өзі бағалауы өткізілсін, ұйым бойынша өзін – өзі аттестаттаудан өту туралы бұйрығы шығарылсын.

**Жауапты:** басшы А.Е.Мақан


2. Өзін – өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда бекітілсін.

Комиссия төрағасы басшы А.Е. Мақан

Комиссия мүшелері: әдіскер З.Т.Муканова, бухгалтер Р.Ж.Бекболат,  
медбике Д.М.Нурпейсова, хатшы Д.Н.Инербаева.

**Жауапты:** басшы А.Е.Мақан

Төрайымы



**А.Е. Мақан**

Хатшы



**Д.Н.Инербаева**